

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТЕМІН»

Басқарма-төрағасы,

Ректор _____

т.ғ.д., академик Қожамжарова Д.П.

«___» _____ 2022 ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

7М03120 - Саясаттану

Тіркеу номері	7М03100008
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	7М03- Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	7М031- Әлеуметтік ғылымдар
Білім беру бағдарламаларының (БББ) тобы	М063 Саясаттану және конфликтология
БББ түрі	Қолданыстағы
ББХСЖ бойынша деңгейі	7
ҰБШ бойынша деңгейі	7
СБШ бойынша деңгейі	7
Оқыту тілі	Қазақ, орыс
БББ көлемі	120 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес-ЖОО (ҚДББ)	-

Әзірлеушілер:

Т.А.Ә.	Лауазымы	ҚОЛЫ
Жумабеков М.У.	«Саясаттану» кафедрасының доценті, т.ғ.к.	
Таукебаева Э.С.	PhD доктор «Саясаттану» кафедрасының доценті	
Байтурсева К.А.	МТП-21-2нр тобының магистранты	
Бектаева Ж.А.	«Аманат» партиясы Шымкент қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары	
Шотанов М.Ш.	Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының басшысы	

Білім беру бағдарламасы Әлеуметтік ғылымдар дайындық бағыты бойынша академиялық комитет мәжілісінде қаралды,

«_____» _____ 2022ж. № _____ хаттама.

АК (комитет) төрағасы _____

«_____» _____ 2022ж. № _____ хаттама.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды

«_____» _____ 2022ж. № _____ хаттама.

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді

«_____» _____ 2022ж. № _____ хаттама.

МАЗМҰНЫ

1	Бағдарламаның концепциясы	
2	Білім беру бағдарламасының паспорты	
3	БББ бітірушілерінің құзыреттілігі	
3.1	БББ бойынша оқыту нәтижелері мен модульдердің қалыптасқан құзыреттіліктерінің бөлінісінің матрицасы	
4	Модульдер мен пәндердің оқу нәтижелерін қалыптастыруға және еңбек сыйымдылығы туралы ақпаратқа әсер ету матрицасы	
5	ББ модульдері бөлінісінде игерілген кредиттер көлемі туралы жиынтық кесте	
6	Оқыту стратегиялары мен әдістері, бақылау және бағалау	
7	ББ оқу-ресурстық қамтамасыз ету: Келісу парағы Қосымша 1. Жұмыс берушінің пікірі Қосымша 2. Қорытынды сараптамалық	

1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Университет миссиясы	Жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыру, зерттеу және кәсіпкерлік ойлау мен мәдениетті тарататын көшбасшыны дайындау
Университет құндылықтары	<ul style="list-style-type: none"> • Ашықтық – өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа ашық. • Шығармашылық – идеяларды тудырады, оны дамытады және құндылықтарға айналдырады. • Академиялық еркіндік – таңдау, даму және әрекет ету еркіндігі. • Серіктестік – барлығы жеңетін қарым-қатынаста сенім мен қолдауды қалыптастырады. • Әлеуметтік жауапкершілік – міндеттемелерді орындауға, шешімдер қабылдауға және олардың нәтижелері үшін жауапты болуға дайын.
Түлек үлгісі	<ul style="list-style-type: none"> • Терең пәндік білім, оны кәсіби қызметте қолдану және үнемі кеңейту. • Ақпараттық және цифрлық сауаттылық және жылдам өзгеретін ортадағы ұтқырлық. • Зерттеу дағдылары, шығармашылық және эмоционалдық интеллект. • Кәсіпкерлік, тәуелсіздік және өз қызметі мен әл-ауқатына жауапкершілік. • Жаһандық және ұлттық азаматтық, мәдениеттер мен тілдерге төзімділік.
БББ бірегейлігі	<ul style="list-style-type: none"> • Стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып түзетілген түлектің кәсіби құзыреттерін қалыптастыру арқылы өңірлік еңбек нарығына және әлеуметтік тапсырысқа бағдарлану. • Практикаға бағдарлану және сыни ойлау мен іскерлікті дамытуға, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауатты және бәсекеге қабілетті болуға және еңбек нарығында сұранысқа ие болуға мүмкіндік беретін кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға аса назар аудару.
Академиялық адалдық және этика саясаты	<p>Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті сақтау, кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау шараларын қабылданған:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Академиялық адалдық ережелері (Ғылыми кеңестің 2018 жылғы 30 қазандағы № 3 хаттамасы); • Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (Бұйрық № 373 н/к, 27.12.2019 ж.). • Әдеп кодексі (Ғылыми кеңестің 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 8 хаттамасы).
БББ әзірлеудің нормативтік-құқықтық негіздері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; 2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы No 595 бұйрығымен және 29.12.2021ж №614 өзгерістер мен толықтыруларымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары; 3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті

	<p>стандарттары;</p> <p>4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі;</p> <p>5. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.</p> <p>6. ECTS қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулар.</p> <p>7. Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы директорының 2021 жылғы 30 маусымдағы № 45 о/д бұйрығына 1-қосымша Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық.</p>
Білім беру процесін ұйымдастыру	<ul style="list-style-type: none"> • Болон процесінің принциптерін жүзеге асыру • Студентке бағытталған оқыту • Қол жетімділік • Инклюзивтілік
БББ сапасын қамтамасыз ету	<ul style="list-style-type: none"> • Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі • Стейкхолдерлерді БББ әзірлеуге және оны бағалауға тарту • Жүйелі мониторинг • Мазмұнды өзектендіру (жаңарту)
Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар	<p>Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы №600 бұйрығы</p>

2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

БББ мақсаты	7M03120 «Саясаттану» бағыты бойынша жоғары білім беру және ғылым саласы - саясаттану саласында білікті ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындау.
БББ міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> - дамудың жоғары интеллектуалды деңгейін игеру, ғылыми және педагогикалық қызметтегі ғылыми ұйымдастыру жұмыстарының логикалық және сыни ойлау дағдыларын игеру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету; - магистранттарда өмір бойы оқу бойынша дағдыларды қалыптастыру, кәсіптік ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу үшін бағыттау; - ғылыми, басқарушылық және педагогикалық міндеттерді шешуге, проблемалық жағдайларда жедел шешімдер қабылдау үшін кәсіби қызметте алынған білімді пайдалану қабілетін дамыту; - мамандық бойынша жедел жұмысқа орналасу немесе докторантурада білім алуды қамтамасыз ету үшін саяси саладағы бітірушілердің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру. - саяси ғылымдар саласында магистранттардың терең білім алуын қамтамасыз ету.
БББ үйлесімділігі	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 7-шы деңгейі; • Dublin Descriptors 7 -шы біліктілік деңгейі; • Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 2-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area); • Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 7-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).
БББ кәсіби саламен байланысы	"Педагог" кәсіби стандарты ("Атамекен" ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы №133 бұйрығына қосымша).
Берілетін дәреженің атауы	Осы БББ сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге «7M03120 - Саясаттану» білім беру бағдарламасы бойынша әлеуметтік ғылымдарының магистрі дәрежесі беріледі.
Біліктілік пен лауазымдар тізімі	«Саясаттану» БББ бойынша әлеуметтік ғылымдар магистрлері, «Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201-ө-м Бұйрығына және «Педагог» кәсіби стандартын бекіту туралы» «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқармасының төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы №

	133 бұйрығы сәйкес, жоғары оқу орындарында оқытушы, ғылыми-зерттеу мекемелерінде сарапшы немесе кіші ғылыми қызметкер, сондай-ақ мемлекеттік және жергілікті басқару органдарында, қоғамдық және саяси ұйымдарда сарапшы, маман немесе әлеуметтік аналитик лауазымын атқара алады.
Кәсіби қызмет саласы	Саясаттанушы – магистр - маман кәсіптік қызметі басшылық және басқару, саясаттың қайнар көздері, қорлары және нормалары арқылы қоғамдық үдерістерді реттеу саласында, ғылыми-зерттеулер жүргізу саласында жүзеге асырылады.
Кәсіби қызмет нысандары	Жоғарғы оқу орындары, саяси ғылымдар және қолданбалы саяси зерттеулер саласында зерттеумен айналысатын ғылыми-зерттеу институттары және аналитикалық орталықтар, қорлар, аудан, қала, облыстық және республикалық деңгейдегі мемлекеттік билік және басқару органдары; қоғамдық ұйымдар және қозғалыстар, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдар.
Кәсіби қызмет пәні	<ul style="list-style-type: none"> - саяси үдерістер және құбылыстарды ғылыми зерттеу; - саясаттағы проблемаларға талдау, диагностика жасау және проблемалар мен жағдайларды шешу; - шешімдерді қабылдау бойынша саяси қызмет; игіліктердің бөлінісі; мақсаттар мен бағдарламаларды ұсыну; басқару және басшылық; - мемлекет ішіндегі және халықаралық байланыстар мен қатынастарға қатысу; - саясат саласында зерттеу және практикалық қызметті жоспарлау; - мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың саяси құжаттарын әзірлеу; - қоғамның саяси мәдениетін және саяси санасын қалыптастыру; - қызметкерлермен кеңестік, әдістемелік және білім беру жұмыстарын жүргізу; - басшылық және басқару саласындағы инновациялық қызмет. - бейіндік пәндерді оқыту.
Кәсіби қызмет түрлері	<ul style="list-style-type: none"> - мемлекеттік билік және басқару органдарында (Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Парламент, Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі және оның құрылымдары, Сыртқы істер министрлігі және оның құрылымдары, мәслихаттар, әкімдіктер) ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі; - саяси партияларда, қоғамдық қорларда, бірлестіктер мен қозғалыстарда, үкіметтік емес ұйымдарда сараптамалық және консультациялық қызмет;

	<ul style="list-style-type: none"> - сайлау кампанияларын ұйымдастыруға қатысатын мекемелерде, саяси кеңес беру және болжау саласындағы кәсіби қызмет; - аналитикалық және ғылыми-зерттеу орталықтары мен институттарында дайындық бағыты бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары. - дайындық бағыты бойынша (жоғарғы мектепте) білім беру саласындағы оқытушылық қызмет.
<p>Оқыту нәтижелері</p>	<p>ОН1 шет тілінде іскерлік жазуды және сөйлеуді, коммуникативті дағдыларды тиімді қолдана отырып ғылыми мақалалар мен жобалар түрінде өз өніміңізді жасай білу</p> <p>ОН2 ғылымда оның дамуының қазіргі кезеңінде туындайтын негізгі дүниетанымдық және әдіснамалық, оның ішінде пәнаралық сипаттағы мәселелерді талдай отырып, ғылыми зерттеу міндеттерін шешу.</p> <p>ОН3 жоғары оқу орындарында қолданылатын заманауи педагогикалық технологияларды, сонымен қатар мекемелердегі персоналды басқарудың әлеуметтік-психологиялық технологияларын және бұқаралық мінез-құлықты меңгеру.</p> <p>ОН4 кәсіби қызметте стандартты емес жағдайларда басқарушылық мәселелерді шешуде шығармашылық көзқарас пен логикалық ойлауды көрсету.</p> <p>ОН5 талдау негізінде зерттелетін процестердің дамуындағы қалыптасқан тенденцияларды анықтай отырып, саясат және саяси тәжірибе саласындағы аналитикалық және зерттеу әзірлемелерін жүзеге асыру</p> <p>ОН6 ақпараттық ресурстарды бағалайды және түсіндіреді, әлеуметтік-саяси ақпарат көздерін талдайды және ең маңызды фактілерді көрсетеді.</p> <p>ОН7 шешендік өнерді пайдалана отырып, қоғамдық-саяси ортада кәсіби коммуникация мен мәдениетаралық коммуникацияны орнату.</p> <p>ОН8 билік орындарының коммерциялық кәсіпорындардың немесе үкіметтік емес ұйымдардың саяси бағдарламаларын жобалауда сараптамалық әзірлемелерді әзірлеу және жүзеге асыру.</p>

3. БББ БІТІРУШІЛЕРІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

ЖАЛПЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР (SOFT SKILLS). Мінез-құлық дағдылары және тұлғалық қасиеттер	
ЖҚ 1. Өзінің сауаттылығын басқару құзыреттілігі	<p>ЖҚ 1.1. Өмір бойы кәсіби және жеке Өсуге ұмтылу.</p> <p>ЖҚ1.2. Таңдалған траектория шеңберінде және пәнаралық жағдайларда өз білімін үнемі жаңартып отыру, үлкен дербестік және өзін-өзі реттеу дәрежесімен одан әрі оқытуды жүзеге асыру.</p> <p>ЖҚ1.3. Рефлексия жасауға, өз жетістіктерін объективті бағалауға, жаңа құзыреттерді қалыптастыру және докторантурада білім алуды жалғастыру қажеттілігін түсінуге қабілетті болу.</p>
ЖҚ 2. Тілдік құзыреттілік	<p>ЖҚ2.1. Келіссөздер мен іскерлік хат алмасу үшін мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде кәсіби салада жеткілікті деңгейде қарым-қатынас жасай білу қабілеті.</p> <p>ЖҚ2.2. Медиация және мәдениетаралық түсіну дағдыларын меңгеру.</p>
ЖҚ 3. Математикалық құзыреттілігі және ғылым саласындағы құзыреттілігі	<p>ЖҚ3.1. Зерттелетін саладағы қолданбалы есептерді шешу үшін Математикалық талдау және модельдеу әдістерін түсіндіру мүмкіндігі.</p> <p>ЖҚ3.2. Ғылыми эксперименттерді қоюды жоспарлау, кәсіби саладағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін біріктіру және енгізу білігі.</p> <p>ЖҚ3.3. Педагогикалық және психологиялық ғылымның заманауи әдістерін талдау және түсіну және оларды педагогикалық іс-әрекетте қолдану мүмкіндігі.</p>
ЖҚ 4. Цифрлық құзыреттілік, технологиялық сауаттылық	<p>ЖҚ4.1. Жұмыс, бос уақыт және коммуникация үшін заманауи ақпараттық-цифрлық технологияларды, жасанды интеллект жүйелерін сенімді пайдалану қабілеті.</p> <p>ЖҚ4.2. Сандық құрылғылардың кең ауқымында ақпаратты пайдалану, қалпына келтіру, бағалау, сақтау, өндіру, ұсыну және бөлісу дағдыларына ие болу.</p> <p>ЖҚ4.3. Ғаламдық ақпараттық ресурстарды сенімді пайдалану және ғылыми-зерттеу және есептеу-талдау қызметінде технологиялық сауаттылықты қолдану қабілеті.</p>
ЖҚ 5. Жеке, әлеуметтік және оқу құзыреттіліктері	<p>ЖҚ 5.1. Іскерлік этика нормаларын, Әлеуметтік-этикалық құндылықтарды меңгеру және кәсіби қызметте оларға бағдарлану.</p> <p>ЖҚ5.2. Қазіргі әлемде ұтқырлыққа, сыни ойлауға және физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.</p> <p>ЖҚ5.3. Командада жұмыс істей білу, пікірталас барысында өз позициясын дұрыс, нақты және дәлелді түрде қорғай білу және кәсіби сипаттағы шешімдер қабылдау.</p> <p>ЖҚ5.4. Қызметтің әртүрлі әлеуметтік салаларында және белгісіздік жағдайында дұрыс бағдарлай білу.</p>
ЖҚ 6. Кәсіпкерлік құзыреттілік	<p>ЖҚ6.1. Көшбасшылық қасиеттердің көрінісі және басқаларға жағымды әсер ету, ұжымды басқару қабілеті.</p> <p>ЖҚ6.2. Команданың креативті және кәсіпкерлік дағдыларын дамыту үшін жағдай жасау қабілеті.</p>

	<p>ЖҚ6.3. Белгісіздік режимінде жұмыс істеу және тапсырма жағдайларын тез өзгерту, шешім қабылдау, жұмыс жағдайының өзгеруіне жауап беру, ресурстарды бөлу және уақытты басқару мүмкіндігі.</p> <p>ЖҚ6.4. Тұтынушылардың сұраныстарымен жұмыс істей білу.</p>
ЖҚ 7. Мәдени хабардарлық және өз ойын жеткізе білу қабілеті	<p>ЖҚ7.1. Дүниетанымдық, азаматтық және моральдық ұстанымдарды көрсету қабілеті.</p> <p>ЖҚ7.2. Әлем халықтарының дәстүрлері мен мәдениетіне толерантты болу, жоғары рухани қасиеттерге ие болу қабілеті.</p>
КӘСІПТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР (HARDSKILLS).	
Осы бағытқа тән теориялық білім және практикалық дағдылар мен іскерліктер	<p>КҚ1 - заманауи саясаттанудың жаңа үрдістері мен бағыттарын ұғыну қабілеті (саясаттану саласындағы қазіргі заманғы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді, саяси процестерді талдауға арналған тәсілдердің ерекшелігін терең білу, қазіргі саяси ғылымның өзекті проблемалары бойынша ғылыми пікірталастарға қатыса білу), кәсіби қызмет үшін және докторантурада білім алуды жалғастыру үшін қажетті білімді жаңарту және тереңдету;</p>
	<p>КҚ 2 - саяси жобаларды, саяси басқару саласындағы сайлау және өзге де науқандарды жоспарлау, ұйымдастыру және басқару жөніндегі жұмыстарды жобалауға және/немесе оларға қатысуға қабілеттілігі және әзірлігі (техникалық тапсырмалар мен өзге де құжаттаманы дайындауды, оларға қатысушылардың функционалдық міндеттерін айқындауды, қажетті ресурстарды есептеуді қоса алғанда);</p>
	<p>КҚ 3 - саяси процестер мен қатынастарға ғылыми зерттеулер ұйымдастыру және жүргізу қабілеті (өз бетінше де, ғылыми ұжым құрамында да), әлеуметтік-саяси ақпаратты жинаумен, өңдеумен, талдаумен және алынған деректерді түсіндірумен айналысу, ғылыми басылымдарда жариялау үшін ғылыми мәтіндерді (мақалаларды, шолуларды, рецензияларды, баяндамаларды, тұсаукесерлерді) кәсіби дайындау қабілеті мен дайындығы және ғылыми іс-шараларда сөз сөйлеу, ғылыми-теориялық және эмпирикалық зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша есептерді қоса алғанда, ғылыми-техникалық құжаттаманы жасау және ресімдеу;</p>
	<p>КҚ4 - саяси ғылым әдіснамасын қазіргі заманғы саяси процестерді талдауға, болжауға және модельдеуге қолдану дағдыларын меңгеру, жалпы және арнайы саясаттану пәндерін оқытудың жаңа әдістемелерін меңгеру және қолдану; ғылыми және практикалық, оның ішінде шет елдердегі міндеттерді шешу үшін кешенді саяси ақпаратты алудың, сақтаудың, өңдеудің және түсіндірудің қазіргі заманғы әдістерін, тәсілдері мен құралдарын еркін пайдалану қабілеті тікелей қызмет саласы;</p>
	<p>КҚ5 - оқу процесін ұйымдастыру қабілеті мен қабілеті, кәсіби педагогикалық қызметпен байланысты міндеттерді</p>

	қалыптастыру, педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу, оқытылатын курстар бойынша оқу-әдістемелік материалдарды өз бетінше әзірлеу, жалпы және арнайы саясаттану пәндерін оқыту әдістемесін меңгеру; білім алушылармен аудиториядан тыс және тәрбие жұмысын дербес ұйымдастыру, олардың білім беру саласындағы ғылыми-зерттеу және практикалық қызметін ынталандыру саясат.
--	---

3.1 БББ бойынша оқыту нәтижелері мен модульдердің қалыптасқан құзыреттіліктерінің бөлінісінің матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН 8
ЖҚ 1	+	+	+					
ЖҚ 2	+						+	
ЖҚ 3					+	+		+
ЖҚ 4		+	+			+		
ЖҚ 5	+			+			+	
ЖҚ 6				+			+	
ЖҚ 7				+			+	+
КҚ 1					+		+	
КҚ 2								+
КҚ 3	+		+	+	+	+	+	+
КҚ 4		+		+	+	+		
КҚ 5	+		+					

**4. МОДУЛЬДЕР МЕН ПӘНДЕРДІҢ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЖӘНЕ ЕҢБЕК СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ
АҚПАРАТҚА ӘСЕР ЕТУ МАТРИЦАСЫ**

№	Модуль атауы	Цикл	Компонент	Атауы пәннің	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптасатын оқыту нәтижелері (код)							
							ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8
1	Ғылыми - педагогикалық дайындық модулі	БП	МК	Ғылым тарихы мен философиясы	Жаратылыстану және техникалық ғылымдар тарихы мен философиясын зерттейді. Мәдениет пен өркениетте жаңа еуропалық ғылымды, ғылымның пайда болуын, оның тарихи динамикасын, ғылыми таным құрылымын, нақты ғылымның философиялық мәселелерін зерттейді. ХХІ ғасырдың коммуникативтік технологияларын және олардың қазіргі ғылымдағы рөлін, қазіргі заманғы жаһандық өркениеттің философиялық мәселелерін, жаратылыстану және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың қазіргі заманғы өзекті әдістемелік пен философиялық мәселелерін қарастырады.	4		v		V				
2		БП	МК	Шет тілі	Мамандық бойынша ғылыми тақырыптарға жазбаша хабарламаларды дайындау дағдысының дамуын қарастырады: ғылыми баяндама, ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша тезистер, шет тіліндегі түпнұсқалық дереккөздерге реферат жасау, ғылыми мәтінді аннотациялау, түйіндеме. Түпнұсқалық жазбалардың жалпы мазмұнын түсіну. Кәсіби ақпаратты қамтитын дәрістер мен хабарламаларды есту арқылы қабылдау. Мамандық бойынша ауызша қарым-қатынас дағдыларын дамыту: ғылыми баяндамамен сөз сөйлеу, ғылыми зерттеу презентациясы, ғылыми пікірталас, ғылыми сайыстар, белгілі жағдайларға байланысты құрастырылған ойындарды пайдалану.	4	v						v	
3		БП	МК	Басқару психоло	Жоғары білікті мамандардың кәсіби қызметіне қажетті заманауи және психологиялық ғылымның негізгі принциптерін қарастырады. Фундаменталды психологиялық ұғымдар бойынша ғылыми -	4			v	v				

				гиясы	теориялық дүниетанымды, жеке тұлғаны психологиялық зерттеу іскерліктері мен дағдыларын қалыптастырады, эксперименталды-психологиялық зерттеудің негізгі әдістерімен және Психокоррекциялық жұмыстың дағдыларымен таныстырады, ұжымдағы жанжалдарды басқарады, стресс және оларды шешу әдістерімен таныстырады.										
4	Оқытудың әдістемелік негіздері	БП	МК	Жоғары мектеп педагогикасы	Жоғары білім берудің педагогикасы, жоғары білім беру дидактикасы негіздерін түсіндіріңіз және талқылаңыз. Университеттегі тәрбие жұмысы, университеттегі педагог тұлғасына өз көзқарастарын қорғау.	4			v	v					
5		ҚП	МК	Кәсіптік пәндерді оқыту әдістемесі	Кредиттік оқыту технологиясы кезінде білім беру бағдарламасының құрылымын және оқу жоспарларын, оқу-тәрбие процесінде пайдаланылатын қазіргі заманғы білім беру технологияларын қарайды. Оқу процесін ұйымдастыруда, арнайы пәндерді оқыту кезінде оқу сабақтарын дайындау мен өткізуде дағдылардың болуына мүмкіндік береді. ЖОО-да оқу сабақтарын оқыту әдістемесін және арнайы пәндердің оқу-әдістемелік кешенін әзірлеуді анықтайды.	5			v	v	v				
6		БП	МК	Педагогикалық практикасы	Саясаттану саласында кәсіби-зерттеу мәдениетін дамыту, кәсіби-педагогикалық шеберлікті, ғылыми-педагогикалық ойлау мәдениетін қалыптастыру. Бейіндік пән бойынша оқу-әдістемелік құжаттарды әзірлеу. Жетекші оқытушылардың дәрістік сабақтарына қатысу. Арнайы пәндер бойынша практикалық сабақтарды дайындау және өткізу. Студенттермен сабақ өткізудің жаңа белсенді түрлерін әзірлеу және оларды практикалық сабақтарда қолдану.	4			v	v	v				
7	Мемлекеттік қызмет	ҚП	ТК	Мемлекеттік саясат	Мемлекеттік саясат пен қоғамдық саясаттың маңызы, тұжырымдамасы мен ерекшелігі; мемлекеттік саясатты дамытудың мақсаттары, басымдықтары мен кезеңдері анықталады. Институционаландыру, мемлекеттік саясаттың типологиясы, сондай-ақ мемлекеттік басқару процесінде мемлекеттік саясатты жүзеге асыру барысымен таныстыру.	7						V	v		V

8			Қазақста ндағы саяси үдерісті ң ерекшел ігі	Қазіргі кездегі Қазақстандағы саяси процестің құрылымы мен субъектілерін зерттеу негізінде Қазақстан Республикасының саяси жүйесі мен Қазақстанның қазіргі саяси және әкімшілік элитасының жалпы сипаттамасы беріледі. Магистранттар заманауи саяси процестің нақты аспектілері туралы, қазіргі Қазақстандағы азаматтық қоғамның қалыптасуы мен даму перспективалары туралы түсінік алады.						V	v		v
9		БП	ТК	Мемлекеттік басқару	Мемлекеттік басқаруды, оның сипатын және әлеуметтік маңызын зерттеу, мемлекеттік басқарудың теориялық аспектілерін қарастыру, мемлекеттік басқару процесінде мемлекет пен қоғамның өзара әрекеттестігі, басқарудың жүйелік тәсілін және оның функцияларын игеру, басқару құрылымын, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың жүйелік сипаттамаларын зерттеу.	6			v				v
10				Саяси шешімдер қабылдау: модельдер мен технологиялар	Басқару шешімдерінің теориясын, саяси шешімдердің түрлері мен формаларын зерттеу. Саяси шешімдерді қабылдау үлгілері мен кезеңдерін талдау. Саяси шешімдерді қабылдауда болжауды, жоспарлауды және бағдарламалауды меңгеру, сонымен қатар саяси шешімдердің тиімділігін бағалау.							v	v
11		ҚП		Зерттеу практикасы	Отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық және әдіснамалық жетістіктерін практикалық зерделеу: ғылыми зерттеудің қазіргі заманғы әдіснамасы; әлемдегі және Қазақстандағы саяси ғылымның даму жағдайын талдау; саяси технологияларды жетілдіру мен жаңғыртудағы ғылым мен инновациялардың рөлі. Диссертация тақырыбы бойынша теориялық және эксперименттік зерттеулерді орындау.	7			v	V	v		V

12	Саяси ҒЫЛЫМ МЕТОДОЛОГИЯСЫ	БП	ТК	Қазіргі саяси ғылымның өзекті мәселелері	Саясаттану ғылымын өзектілеудің ғылыми-әдістемелік негіздерін зерттеу, қазіргі саяси процесті саяси ғылымды зерттеу объектісі ретінде талдау. Қазіргі кездегі саяси ғылымның негізгі заңдылықтары мен үрдістері, жаһандану жағдайындағы мемлекеттік жаңғырту үрдісіне төнетін қауіп-қатерлер, мемлекеттің негізгі қызметін жүзеге асыру барысындағы азаматтық қоғамның негізгі институттарының рөлі мен маңызы анықталады.	5					V	v		
13				Мегатрендер және жаһандық мәселелер	Әлемдік дағдарыс, ХХІ ғасырдағы әлемдік саяси жүйе, қазіргі кездегі әлемдік тәртіп пен әлемдік саясаттың жағдайын, ұлы державалардың рөлі, әлемдік саясатта шағын және орта елдердің қазіргі заманғы мегатрендтері зерттеу. Қазіргі әлемдегі көшбасшылық мәселесін қарастыру, интеграция және өзін-өзі анықтау мәселелері, сондай-ақ ресурстардың проблемалары және әлемдік саясаттың дамуындағы «алшақтықты» қарастыру.		v	v						
14		ҚП	ТК	Саяси талдаудың әдіснамалық ерекшелігі	Саяси талдаудың пайда болуы мен дамуын қарастыру; саяси талдау саласы; әлеуметтік танымдағы әдіснамалық талдау ерекшеліктері. Саяси талдау әдіснамасының ерекшеліктерімен танысқаннан кейін магистранттар әлеуметтік-саяси ғылымдарда әдіснамалық мәселелерді шешу жолдарын, саяси шешімдер қабылдауды үйренеді.	4					v	v		
15			Саяси жағдайларды талдау	АҚШ, Батыс Еуропа, Ресей және Қазақстандағы саяси жағдайларды зерттеу, саяси талдаулардың философиялық парадигмалары мен саяси талдаудағы арнайы ғылыми көзқарастар туралы жүйелі білімдер беру. Магистранттар саяси жағдайлардың тұжырымдамасы, құрылымы, деңгейі мен функцияларын және саяси жағдайларды талдау әдіснамасын практикалық қолданудың бойынша теориялық білімдерді алады.	v		v							

16		ҚП	ТК	Саясаттану зерттеулерінің әдістемесі мен әдістемесі	Саяси ғылымдар әдіснамасының қалыптасуы туралы, жалпы түсініктері мен деңгейлері туралы білімдер алынады. Магистранттар қолданбалы саясаттанулық зерттеу жүргізуге, гипотезалар ұсынуға, оларды тексеруге, эмпирикалық түрде нәтижелерін түсіндіруге дағдыланады, сапалық және сандық әдіснаманың ара қатынасы мәселесін шешуді үйренеді.	7		v			v			
17				Саяси зерттеулер әдістері	Саяси ғылымның әдіснамалық негізін зерттеу, негізгі әдіснамалық тәсілдерді практикалық тұрғыда қолдануды үйрену. Саяси зерттеудің, әлеуметтік-саяси болжаудың және жобалаудың сандық және сапалық ерекшеліктері түсіндіріледі, саяси талдау және саяси құбылыстарды модельдеудің тәртібі үйретіледі.			v			v			
18	Саяси коммуникация және модельдеу	БП	ТК	Қазіргі заманғы әлеуметтік-саяси үдерістерді модельдеу	Әлеуметтік-саяси процестерді модельдеудің мәні мен функциялары қарастырылады; әлеуметтік-саяси процестерді модельдеудің объектілері мен міндеттері; әлеуметтік-саяси модельдеу үрдісіндегі жүйелік әдіс; әлеуметтік-саяси модельдеу объектілері ретіндегі саяси жүйенің құрылымы мен қарқыны. Әлеуметтік-саяси процестерді модельдеу әдістері және оларды аймақтық деңгейде және геосаяси жүйелер деңгейінде қолдануды зерттеу.	4				v	v			v
19				Саяси өзгерістерді басқарудың заманауи	Менеджменттің теориялық және әдіснамалық негіздері, менеджмент құбылысы қарастырылады. Басқарудың тарихи және заманауи әдістері, билік пен басқарудың қазақстандық моделі зерттеледі; соғыс саяси өзгерістерді басқарудың нысаны мен әдісі ретінде; революциялар саяси өзгерістерді					v	v			v

				технологиялары	басқарудың нысаны мен тәсілі ретінде; «революция» жүйені өзгерту технологиясы ретінде; «революция» режимді өзгерту технологиясы ретінде; саяси революция басқару технологиясы ретінде; «жұмсақ күш» саяси өзгерістерді басқару тәсілі ретінде.										
20		ҚП	ТК	Шет елдердің және Қазақстан Республикасының саяси жүйелері	Шетел саяси жүйелерінің түсінігі және түрлері, шетел және Қазақстан Республикасының саяси жүйелерінің ерекшеліктері мен сипаты, саяси феномендері және үдерістері қарастырылады, шетел және ҚР партиялық институттары мен партиялық жүйелері зерттеледі.	7					v	v			
21			Орталық Азия өңірінің саяси жүйелері мен мәдениеттері	Орталық Азия елдері халықтарының мәдениетін зерделеудің теориялық мәселелері мен кезеңдері қарастырылады. Орталық Азия аймағындағы елдерде мәдени және діни факторлардың ролін арттыруға ықпал ететін факторлар туралы қарастырып, Орталық Азия аймағындағы елдердің саяси және мәдени құндылықтары мен дәстүрлерін талдауды үйренеді, Орталық Азия аймағындағы елдерде мәдени құндылықтарды сақтаудың өзекті мәселелерін зерттейді.						v	v				
22		ҚП		Саяси менеджмент және қоғаммен байланыс	Саяси менеджмент тұжырымдамасы мен маңызы анықталады, саяси менеджмент саяси субъектілердің іс жүзіндегі қызметі ретінде қарастырылады, мемлекеттік басқару процесін саяси талдау және саяси және әкімшілік басқарудың заманауи технологияларын қолдану арқылы саясатты қалыптастыру тәртібі зерттеледі, сондай-ақ саяси басқару						v		v		

				жүйесіндегі саяси көшбасшы мен саяси топтың рөлі зерттеледі.	6									
23				Саяси коммуникациялар және PR Саяси қарым-қатынас пен PR-ты талдаудың теориялық және әдіснамалық негіздері түсіндіріледі және Г. Лассуэлдің коммуникация схемасы қарастырылады, саяси күрестің элементі ретіндегі бейресми коммуникациялар; қазіргі заманғы бұқаралық коммуникациялар; арналары және олардың техникалық мүмкіндіктері (баспа, теледидар, радио); бұқаралық ақпарат құралдарының арнайы әсерлері және оларды пайдаланудың тиімділігі; байланыс арналары ретіндегі мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық бірлестіктер; стратегиялық саяси коммуникациялық нақандар зерттеледі.					v			v		
24		ҚП		Имидждің саяси ғылымы Саяси имидждің маңызды белгілері мен ерекшеліктері, қазақстандық саясаттың қазіргі заманғы субъектілерінің имиджі туралы, саяси көшбасшы имиджінің психологиялық ерекшеліктері туралы, саяси имидждің қазіргі мәселелері туралы түсінік беріледі. Бұқаралық ақпарат құралдарының саяси имиджді дамытудағы функцияларының өзектілігі, сондай-ақ психологиялық айла-шарғы мәселесі қарастырылады. Саяси имиджді қалыптастырудың практикалық дағдылары алынады, имиджді қалыптастыру стратегиясы зерттеледі.	6			v				v		
25				Саяси технологиялар және имидждің Саяси көшбасшыны имидж қалыптастыру объектісі ретінде, сондай-ақ сайлау алдындағы нақанның қатысушылары және олардың сайлау нәтижелеріне ықпалы туралы түсініктер беріледі. Саяси имиджді қалыптастыру үдерісі, сондай-ақ сайлау технологиясы зерттеледі: модельдер, әдістер,				v				v		

				ғылымы	процестер; сайлау процесіндегі саяси айла-шарғы. Стратегияны жоспарлау және науқан тактикасын жасау дағдыларын меңгеру.										
26	Ғылыми-зерттеу жұмысы және қортынды аттестация модулі			Тағылым дамадан өтуді және магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда, магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	Оған ҒЗЖ, ғылыми тағылымдама, магистрлік диссертацияны дайындау, диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес ғылыми дереккөздерді талдамалық шолу, саяси зерттеу жүргізу әдістемелерін игеру, академиялық кезең жоспарына сәйкес зерттеу жұмыстарын жүргізу, бітіру біліктілік жұмысын орындау кезінде ақпараттық технологияларды пайдалану, қорытындыларды қалыптастыру, алынған нәтижелерді модельдеу, өңдеу және түсіндіру кіреді.	24		v		v	v	v			
27				Магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау	Магистрлік бағдарлама түлегінің таңдаған мамандануына сәйкес оқу процесінде алған құзыреттерін растайтын қорытынды біліктілік жұмысы. Магистрлік диссертацияны комиссия төрағасының және оның құрамының кемінде жартысының қатысуымен мемлекеттік аттестаттау комиссиясының ашық отырысында қорғау. Магистрлік диссертацияны қорғау тәртібі мен регламентін төраға белгілейді.	12	v				v	v	v		

**5. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МОДУЛЬДЕРІ БӨЛІНІСІНДЕ ИГЕРІЛГЕН
КРЕДИТТЕРДІҢ КӨЛЕМІН КӨРСЕТЕТІН ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕСІ**

Оқыту курсы	Семестр	Меңгерілетін модульдер саны	Оқытылатын пәндер саны		KZ кредиттерінің саны					Барлығы сағатпен	KZ кредиттерінің жиыны	Саны	
			ЖООК	ТҚ	Теориялық оқыту	Педагогикалық практика	Зерттеу практикасы	ҒЗЖ М	Қорытынды аттестаттау			Емтихан	диф. сынақ
1	1	4	5	2	29			1		900	30	7	1
	2	3	-	4	23	4		3		900	30	4	2
2	3	3	-	3	21		7	2		900	30	3	2
	4	1						18	12	900	30		1
Жиыны			5	9	73	4	7	24	12	3600	120	14	6

6. ОҚЫТУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ, БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

<p>Оқыту стратегиясы</p>	<p>Студентке орталықтанған оқыту: білім алушы-оқыту/оқыту орталығы және оқу процесі мен шешім қабылдаудың белсенді қатысушысы.</p> <p>Тәжірибеге бағытталған оқыту: практикалық дағдыларды дамытуға бағдарлау.</p>
<p>Оқыту әдістері</p>	<p>Инновациялық технологияларды қолдана отырып дәрістер, семинарлар, түрлі практикалар өткізу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - проблемалық оқыту ; - кейс-стади; - топта және креативті топта жұмыс істеу; - дискуссиялар мен диалогтар, зияткерлік ойындар, олимпиадалар, викториналар; - Блум таксономиясы; - презентациялар; - Ақпараттық дереккөздерді ұтымды және креативті пайдалану: <ul style="list-style-type: none"> - оқулықтар электрондық; - ресурстар цифрлар. <p>Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру, жеке кеңес беру.</p>
<p>Оқу нәтижелеріне қол жеткізуді бақылау және бағалау</p>	<p>Ағымдағы бақылау пәннің әр тақырыбы бойынша, аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардағы білімді бақылау (силлабусқа сәйкес). Бағалау формалары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сабақтардағы сауалнама; - оқу пәнінің тақырыптары бойынша тестілеу; - өзіндік шығармашылық жұмыстарды қорғау; - пікірталас; - коллоквиумдар; - эсселер және т.б. <p>Аралық бақылау бір оқу пәні шеңберінде бір академиялық кезең ішінде кемінде екі рет.</p> <p>Аралық аттестаттау оқу жұмыс жоспарына, академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады.</p> <p>Өткізу нысандары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - емтихан тестілеу түріндегі; - емтихан ауызша; - емтихан жазбаша; - емтихан аралас; - практика бойынша есептерді қорғау. <p>Аттестаттау Қорытынды мемлекеттік.</p>

7. ББ ОҚУ-РЕСУРСТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

<p>Ақпараттық ресурстық орталық</p>	<p>АБО құрылымында 6 абонемент, 16 оқу залы, 2 электрондық ресурстық орталық (ЭРЦ) бар. Або желілік инфрақұрылымының негізін Интернетке шығатын 180 компьютер, 110 автоматтандырылған жұмыс орны, 6 интерактивті тақта, 2 бейнесабак, 1 бейнеконференцбайланыс жүйесі, А-4, 3 форматындағы 3 сканер құрайды. "ИРБИС – 64" або-АИБС MSWindows бағдарламалық жасақтамасы (6 модульден тұратын базалық жинақ), ИРБИС жүйесінде үздіксіз жұмыс істеуге арналған автономды сервер.</p> <p>Кітапхана қоры сайтта пайдаланушылар үшін қолжетімді электронды каталогта көрсетілген http://lib.ukgu.kz on-line режимінде 24 сағат аптасына 7 күн.</p> <p>Өзіндік генерацияның тақырыптық мәліметтер базасы құрылған: "Almamater", "ОҚМУ ғалымдарының еңбектері", "Электрондық мұрағат". Сыртқы сілтеме арқылы 24/7 режимінде кез келген құрылғыдан Онлайн қол жеткізу http://articles.ukgu.kz/ru/pps.</p> <p>Электронды түрде каталогтармен жұмыс. ЭК 9 деректер базасынан тұрады: "Кітаптар", "Мақалалар", " мерзімді басылымдар", " ОҚМУ ПОҚ еңбектері", " сирек кітаптар", " электрондық қор", " ОҚМУ баспасөзде", " оқырмандар ""ОҚО".</p> <p>АБО өз пайдаланушыларына Жеке электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізудің 3 нұсқасын ұсынады: або каталогтар залы мен бөлімшелеріндегі "электрондық каталог" терминалдарынан; факультеттер мен кафедралар үшін университеттің ақпараттық желісі арқылы; кітапхананың web-сайтында қашықтықтан режимде http://lib.ukgu.kz/.</p> <p>Халықаралық және республикалық ресурстарға ашық: "SpringerLink", "Өкілетті өкіл", "Web of Science", "EBSCO", "Эпиграф", ашық қолжетімділіктегі ғылыми журналдардың электрондық нұсқаларына, "Заң", "РМЭБ", "Әдебиет", "Акпигресс", " Smart-kitar", " Kitar.kz " және т.б</p> <p>Ерекше қажеттіліктері бар және мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін АБО-да кітапхана сайты көру қабілеті нашар пайдаланушылардың жұмысына бейімделген.</p>
<p>Материалдық-техникалық база</p>	<p>Кафедра оқу аудиторияларымен қамтамасыз етілген, интернетке шығатын және университеттің жергілікті желісіне қосылған үш компьютерлік сыныбы бар. Интерактивті тақталар бар, олар тек оқу сабақтарын өткізу кезінде ғана емес, сонымен қатар басқа іс-шараларды өткізу кезінде де сәтті қолданылады.</p>

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

«7M03120-Саясаттану» білім беру бағдарламасы бойынша

ЖООКББ институты директоры _____ Қонарбаева З. К.

АҒД директоры _____ Ұ.Б.Назарбек

КҚД директоры _____ Т.С.Бажиров